

6D073000 – «Құрылым материалдарын, бүйімдарын және конструкцияларын өндіру»  
 мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған  
 «Металл қалдықтарынан дайындаған арматураларды қолдана отырып  
 темірбетон бүйімдарын дайындау технологиясын жобалау» тақырыбындағы  
 Есиркепова Айым Бақытбековнаның  
 докторлық диссертациясына ресми рецензенттің жазбаша

### ПІКІРІ

Р/Н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландыратын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мән номірі);          2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы);          3) <u>Диссертация Қазақстан Республикасының Укіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</u></p>	Орындалған диссертациялық жұмыс 2016 жылы қабылданған «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылымы бағдарламасы мен 2020-2025 жылдарға арналған «Нұрлы жер» тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамыту бағдарламасына сәйкес орындалған.

2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>косады</u> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаган.	Диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады, яғни арматураның өлшенбейтін кесінділер мен техногенді қалдықтардың әсерін зерттеу кезінде ресурстарды үнемдейтін технологияларды қолдану арқылы құрылыс материалдарының шикізат базасы кеңейтілген.
3.	Өзін жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаган	Автор өз бетінше теориялық және эксперименттік зерттеулер жүргізген. Деңгейі жоғары.
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі:</p> <p>1) <u>негізделген</u>; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.</p> <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p> <p>1) <u>айқындаиды</u>; 2) жартылай айқындаиды; 3) айқындаамайды.</p> <p>4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) <u>сәйкес келеді</u>; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың өзектілігі кіріспеде және бірінші тарауда толық негізделген, өндірістегі проблемалар егжей-тегжейлі ашылған.</p> <p>Диссертацияның мазмұны зерттеу тақырыбын толығымен көрсетеді.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың мақсаттары мен міндеттері диссертацияның тиісті белімдерімен расталған және зерттеу тақырыбына толығымен сәйкес келеді.</p>

		<p>4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b><u>толық байланысқан;</u></b></li> <li>2) жартылай байланысқан;</li> <li>3) байланыс жок.</li> </ol>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы толығымен логикалық түрде байланысқан. Диссертациялық зерттеу логикалық аяқталған ғылыми жұмыс болып табылады</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b><u>сыни талдау бар;</u></b></li> <li>2) талдау жартылай жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген.</li> </ol>	<p>Автор ұсынған жаңа шешімдерді белгілі шешімдермен негізделген, нәтижелері сынни тұрғыда талданған және бағаланған.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b><u>толығымен жаңа;</u></b></li> <li>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).</li> </ol> <p>5.2 Диссертацияның корытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b><u>толығымен жаңа;</u></b></li> <li>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).</li> </ol>	<p>Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері толығымен жаңа. Техногенді қалдық қосылған арнайы бетон қоспасы мен арматуралың өлшенебейтін кесінділерден жасалған брустyk маңдайшаның кеңістік қаңқасының арнайы конструкциясы жасалған.</p> <p>Бетон қоспасына 10% техногенді қалдық қосқанда цемент шығынын 10% - га азайтуға және бұйымның беріктігін 20% - га дейін арттыруға мүмкіндік беретіні анықталған. Сонымен қоса, арматуралың өлшенебейтін кесінділерінен дәнекерленген, 2-3 дәнекерленген жігі</p>

			<p>бар арматуралық өзекшелер <math>&lt;45^{\circ}</math> илүіге және 25000 + 40000Н жүктемесіне төтеп беретіні анықталған.</p> <p>КР пайдалы модельге 4 патент және зияткерлік мешіт объектісіне авторлық құқыктарды мемлекеттік тіркеу туралы 2 күелік алынған.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <b>толығымен жаңа;</b>            2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);            3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).</p>	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық шешімдері жаңа және толығымен негізделген. Олар автордың шыккан жарияланымдары мен ғылыми зерттеу нағызжелерінің өндіріске енгізу актісімен, патенттермен расталады.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қараганда ауқымды дәлелдемелерде <b>негізделген/негізделмеген</b> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	<p>Диссертацияда келтірілген негізгі қорытындылар эксперименттік зерттеулер мен компьютерлік мәдельдеу арқылы алынған ғылыми дәлелдерге негізделген.</p>
7.	Қорғауга шыгарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұраптарға жауап беру кажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді мә?</p> <p>1) <b>дәлелденді;</b>            2) шамамен дәлелденді;            3) шамамен дәлелденбеді;            4) дәлелденбеді.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;            2) <b>жок.</b></p>	<p>1. Қағидат толығымен дәлелденді. Брустық мәндайшаларды жасау технологиясы өзірленді. Дауын конструкция сынақтан етті.</p> <p>2. Алынған нағызжелер тривиалды емес, жаңа болып табылады. Олар рейтингтері жоғары халықаралық басылымдарда жариялануымен дәлелденеді.</p>

	<p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>иля</u>; 2) жок.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) орташа; 3) <u>кен</u>.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>иля</u>; 2) жок.</p>	<p>3. Бетон қоспасына 10% үшпа-құл қосқанда цемент шығынын 10% - ға азайтуға және бүйімның беріктігін 20% - ға дейін арттыруға мүмкіндік беретіні және гидратация процесі кезінде үшпа-құл құрамындағы <math>\text{SiO}_2</math> мөлшерінің басым болуынан (60,6%), кремний диоксидінің бетонның микрокұрылымына енүіне байланысты оның тығыздығы мен беріктігі артатыны анықталған.</p> <p>Арматуралың өлшенбейтін кесінділерін үйкеліспен дәнекерлеу арқылы біріктіру әдісі және оны жүзеге асыру үшін арнайы құрылғының конструкциясы әзірленген.</p> <p>4. Қагидат тәжірибелік зерттеулердің нәтижелерін салыстыру арқылы дәлелденген, жаңа, қолдану деңгейі кең.</p> <p>5. Мақалаларда дәлелденген, Scopus базасына енетін халықаралық басылымдарда, сондай-ақ, KP Ғылым және жоғары білім саласындағы сапанды қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда жариялануымен дәлелденеді.</p>
--	--	---

8.	<p>Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>иia</u>; 2) жоқ.</p>	<p>Зерттеу әдістері негізделген және міндеттерге сәйкес келеді.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>иia</u>; 2) жоқ.</p>	<p>Алғаш рет:            - Solidworks компьютерлік бағдарламасының көмегімен жүктемелерге байланысты беріктік шегін анықтай отырып, дәнекерленген арматуралық өзекшелердің үлгілерін статикалық созуға сынау процесі модельденген;</p>
		<p>8.3 Теориялық корытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және занылыштар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>иia</u>; 2) жоқ.</p>	<p>Түйіспелі дәнекерлеу бойынша эксперименттік зерттеулер Халықаралық дәнекерлеу институтының зертханалық базасында MCP-25 түйістіріп дәнекерлеу машинасында жүргізілген. Үйкеліспен дәнекерлеу бойынша эксперименттік зерттеулер ҚарТУ-нің "Технологиялық жабдықтар, машина жасау және стандарттау" кафедрасының зертханалық базасында токарлық станок негізінде</p>

орнатылған үйкеліспен дәнекерлеуге арналған арнайы құрылғыда орындалған. Түйістіріп дәнекерлеу арқылы қосылған арматуралық өзекшелер ҚарТУ-дегі Инженерлік бейінді зертханада INSTRON 5980 электромеханикалық сынақ машинасын қолдана отырып, созылуынаңынан өткен.

Үйкеліс арқылы қосылған арматуралық өзекшелердің үлгілері АҚ "Ұлттық сараптама және сертификаттау" (Караганды қ., Қазақстан) сынақ орталығында созылуынаңынан өткен. Эртурлі өлшемде ұшпа-құл қосылған текше-үлгілерді синау "NORD Пром НС" ЖШС (Теміртау қ., Қазақстан) зертханасында жүргізілген.

Ұсынылған технология бойынша даярланған ЗПБ 13-37 брустық мандайшаның тәжірибелік үлгісін синау "GIO TRADE" ЖШС (Караганды қ., Қазақстан) сынақ орталығының зертханасында ПСУ-125 моделді құрылымын синау үшін арналған гидравликалық престе өткізілген.

		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді гылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u>/ ішінара расталған / расталмаган</p> <p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга <u>жеткілікті</u> / жеткіліксіз</p>	<p>Ең маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді гылыми әдебиеттерге сілтемелермен толығымен расталған.</p> <p>Диссертациялық жұмыс 125 пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады, ол әдеби шолу үшін жеткілікті.</p>
9.	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>иля</u>;</li> <li>2) жоқ.</li> </ol>	<p>Диссертациялық жұмыста міндеттерді қою мен шешүгө байланысты ішкі бірлік бар. Материалдар логикалық дәйекті, жүйелі түрде баяндалған, алынған гылыми нәтижелер негізделген.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жсгары:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>иля</u>;</li> <li>2) жоқ.</li> </ol>	<p>Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары, ол диссертациялық жұмыстың нәтижелері оку процесіне және «Қарағандықұрылышконструкция» ЖШС енгізу актісімен расталады.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>толығымен жаңа</u>;</li> <li>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).</li> </ol>	<p>«Қарағандықұрылышконструкция» ЖШС жағдайында жүргізілген автордың ұсынған зеттеу жұмысы толығымен жаңа болып табылады.</p>

10.	Жазу және рәсімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <b>жоғары;</b> 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы мен безендіру талаптарға сай орындалған, ескертүлер жок.
-----	---------------------------	---	--

Есиркепова Айым Бақытбековнаның 6D073000 – «Құрылым материалдарын, бұйымдарын және конструкцияларын ендіру» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Металл қалдықтарынан дайындаған арматураларды қолдана отырып темірбетон бұйымдарын дайындау технологиясын жобалау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының өзектілігі, нәтижелердің жаңалығы, олардың көлемі, нәтижелердің дұрыстығы мен олардың практикалық пайдалылығы бойынша аяқталған ғылыми еңбек болып табылады.

Диссертация құрылымы мен мазмұны бойынша КР ФЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Дәрежелер беру қағидаларының» қойылған талаптарына сай келеді, оның авторы Есиркепова Айым Бақытбековна философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты.

Ресми рецензент:

техника ғылымдарының кандидаты,  
«Торайғыров университеті» КеАҚ-ның  
«Сәулет және дизайн» кафедрасының профессоры

Арынгазин К.Ш.

15.05.2023г

